

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

IV том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті филология, өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің жаңындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

### **ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (төраға), Ә. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков, Б. Жакып,

А. Жақсылықов, Қ. Мадібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейтжанов, Ә. Тарак,

А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының

жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

### **Пікір жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаев**

### **Жалпы редакциясын басқарған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

### **Құрастырып, түсініктерін жазғандар:**

П. Бисенбаев, Е. Қөрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

### **Жауапты редактор**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Жакып**

**А 13 Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. IV том. Ойлар мен толғаныстар /  
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Қөрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұр-  
әділ; жауапты ред. Ә. Тарак; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-  
маты: Қазақ университетті, 2015. – 279 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)**

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан  
Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішшүү Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен  
ашылған. Төртінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрген, уақыт  
сүйнінан еткен, ғылыми қауым мен көшпіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың  
таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сыйып оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға,  
ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ калын көшпілікке ар-  
налаған.

IV томға енген таңдамалы еңбектер елдін ынтымалы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық  
әлеуеттің артуына, когамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында  
дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

## АБАЙ АУДАРМАЛАРЫНДАГЫ ПУШКИН

Абайдың Пушкин мұрасынан тәржімалаған шумақтары туралы бізде айтылған пікірлер аз емес. Әріңі Әлихан Бекейхан мен Ахмет Байтұрсынұлынан, Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтан бастап, кейінгі әдебиетшілеріміздің талайы бұл турадағы ойларын ортага салған. Бірақ туған әдебиетімізге көркем аударма дәстүрін тұнғыш рет енгізіп, соның тамаша үлгісін қалдырып кеткен Абай тағылымы жөнінде, біздегі аударма саласы барған сайын өрістеп, оның тәжірибесі молая түскен сайын, елі де айтылар сөз аз болмаса керек.

Абайдың Пушкиннен аударғаны көп емес. «Евгений Онегиннен» ірікте қазақша өлең еткені жеті ғана үзінді. «Онегиннің өлердегі сөзі» деген төрт жарым шумақты (он сегіз тармақ) Абай жанынан қосқан. Бары осы.

Сонда мынадай сұрақ туады? Өзі кереметтей ләззат алып, таң-тамаша болған көлемді шығармадан үзіндіні неге аз алған? XIX ғасырдағы орыс өмірінің энциклопедиясы атанған бұл іргелі туындыны түгелдей немесе еңсере аударуға, әрине, Абайдың мүмкіндігі болған жоқ. Және ол қажет те емес еді. Өйткені Ресейдегі дворян қауымының жарқылдақ өмірі мен сән-салтанатты сарайларының көп қыртысты жұмбақ тұрмысы, қаншама майлап берсең де, ондайды көріп білмеген көшпелі қыр қазағына қызықты болмас еді.

Сондықтан Абай талай замандар бойы Шығыстың неше түрлі ғашықтық дастандарын тамсанып отырып тыңдауға құлақтары үйренген ауыл адамдарына Пушкин романындағы Онегин мен Татьяна хикаясын әдей таңдап алып аударған. Және бұлар үшін оқиғасы қандай қызық, қандай тосын!

«- Ойпыр-ай, он екіде бір гүлі ашылмаған орыстың жап-жас қызы өзінен көп үлкен ереккек ғашық болып, сөз айтқан, хат жазған дей ме? Фажап екен, не деген өлермен қыз еді. Ал, сонсон не болыпты?

– Болғаны сол, ерек айтыпты, мен үшін шалабынды шайқамай-ақ қой, шырағым. Мен саған үйленіп, жарылқай алмаймын, – депті.

– Ие, содан кейін не болыпты?

Не болсын. Қыз қалады жылап. Жігіт жайына кетеді. Бірақ қызыны артынан болады. Арада талай жыл өткенде, әлгі қыз бой жетіп, бір атақты генералға ұзатылады. Үлкен шаһарда, соның салтанатты сарайында үлде мен бұлдеге бөленип, күрсіп тұрады. Бір күні той үстінде бағыда өзі ғашық болған ерек кездесіп, енді бұған ол ғашық болады. Өлердегі сезін айтып келіп аяғына жығылады. Бірақ оған әйел қарамайды. Бағыда менсінбей кеткенсін. Енді мені әуре қылма. Жұрттың өсегіне қалар жайым жоқ, мазалама, – дейді.

Ал анау қайтіпті?

Не қайтетіні бар? Ғашықтықтың қайғысынан құса болып ақыры өлетін болса керек».

Міне, Пушкин романындағы Татьяна мен Онегин хикаясының қазақ даласында туғызатын ықтимал әсері осындай еді. Абай соны білді. Білді де, олардың жазыскан хаттарын келістіріп аударды. Соларға арнап тамаша әндер жазды. Сөйтіп, ұлы орыс ақыны кейіпкерлерінін атақ-данқы сахара да самғап кете барды.

Осы жай ғана аударма ма? Бір ақынның басқа тілден қотара салған өлең шумақтары ғана ма? Қыр қазағына таңсық көрінетіндей басқа бір халықтың еркегі мен әйелінің арасындағы өздеріне бейтаныс ғашықтық хикаясы ғана ма? Жок, бұл – басқа бір әлемнен алып келіп, өз қандастарының санасына сіндірген, солардың жан дүниесіне рухани азық етіп ұсынып отырған ұлы ақын Абайдың асыл қазынасы, баға жетпес тың тартуы еді. Адам баласының ең асыл сезімдерін өлеңмен өрген екі ұлы ақынның сөздері арқылы ортақ тілге айналған қымбат көріністері еді.

Абай шумақтары – еркін аударма. Балғын жас орыс қызының пәк жүргегінен жарып шықкан риясыз сезімінің ыстық лебін жеткізгенде, Абай қазақ қызының аузына дәл сондай әсерлі сөздерді ұлттық ұғым-түсініктің елегінен өткізіп, соншалықты табиғи тән, жатық етіп жеткізеді. Мұнда өлеңнің әрбір жолын,

эрбір шумағын жолма-жол, сөзбе-сөз аудару жоқ. Бірақ сөйтсе де, түпнұсқадағы ағынан жарылып ашық айтылған әрбір ой, әрбір сыр аудармада дәл мағынасын тауып, үстінен түсіп отырады.

Я к вам пишу – чего же более?  
Что я могу еще сказать?  
Теперь, я знаю, в вашей воле  
Меня презреньем наказать.  
Но вы, к моей несчастной доле  
Хоть каплю жалости храня,  
Вы не оставите меня...

## Енді осының баламасы:

Амал жоқ – қайттім білдірмей,  
Яптырмау, қайттіп айтамын.  
Коймады дергін күйдірмей,  
Не салсаң да тартамын.  
Талайсыз, бақсыз мен сорлы  
Еріксіз аттап үяттан,  
Қорлыққа көндім бұл ғүрлұ,  
Байқалар халім бұл хаттан.

Сонымен бірге осы шумақтардан да және кейінгі мәтіндерден де біз тек жатықтықты, табиғилықты ғана емес, мағынаның толымды көлемін ғана емес, сонымен бірге сөзбе-сөз дәлдікті де көре аламыз. Мысалы:

Другой!.. Нет, никому на свете  
Не отдала бы сердца я!  
То ввышнем суждено совете...  
То воля неба: я твоя;  
Вся жизнь моя была залогом  
Свиданья верного с тобой;  
Я знаю, ты мне послан богом,  
До гроба ты хранитель мой...

## Соның қазақшасы:

Өзгеге ешбір дүниеден  
Еркімен тимес бұл жүрек.

Әзелде тағдыр иеден  
Қожам сенсің, не керек.  
Тіршілігім – құрбандық,  
Шыдамай сені кергениші,  
Тәнірімнен келген бұл жарлық,  
Ием сенсің өлгениші.

Жоғарыда ұлттық ұғым-түсінік деген сөздерді ауызға алдық.  
Адамның туа біткен мінез-құлқы мен табиғи тұрмыс жағдайына  
байланысты ерекшеліктер де осы қатарға жатады десек, аударма  
жолдарда оның да айқын мысалдарын көреміз.

Байқасақ, Пушкинде Татьяна Онегинді аптасында бір көрсем  
де риза болар едім дейді. Ал Абайда: «Айында бірер көрсем де», –  
деп тұр. Сонда Абай апта мен айды айыра алмағаны ма? Жок, олай  
емес, сөздің мағынасына теренірек үнілейік. Отырықшы елде күн  
сайын бірін-бірі сан рет көретін шағын деревняның адамдары үшін  
аптасына бір көру – әжептәуір мерзім. Ал көшіп жүріп, малдың  
өрісіне қарай әр таудың қуысында, алыс ормандарды немесе өзен-  
көлдерді сағалап, бір-бірінен шалғай отыратын ауыл адамдары  
апта түгіл айында бір көріссе де тәуба дер еді. Абай соны ескерген.

Ұлттық психологияға байланысты тағы бір мысал.  
Татьянаның Онегинге жазған алғашқы хатында: «Егер сіз көзіме  
көрінбесеніз, алансыз жүре беріп, түбінде өз жөнімді бір табар  
едім», – деген мағынада наз айтатыны бар ғой. Түпнұсқада ол  
тармақтарбылай болып келеді:

Души неопытной волненья,  
Смирив со временем (как знать?),  
По сердцу я нашла бы друга,  
Была бы верная супруга  
И добродетельная мать.

Осы шумактың мағынасы аудармада былай берілген:

Асау жүрек қайнамай,  
Жуасыр ма еді кезінде.  
Елден бір жақсы сайламай,  
Бармас па ем ерге өзім де.

Қазақтың балиғатқа жетпеген жас қызы бір орайда ерге шығуды қысылғаннан айтса айттар, ал мен де бала көтеріп ана болармын деген сөзді естіртіп айту түгіл, ойға да алмайтын шығар. Сондықтан оны Абай аудармаған. Ал Онегинге қайтарған жауабының аудармасындағы:

Өз қораның қақпасын сен  
Қатты жаптың, не айтайын.  
Жат қораның қақпасын мен  
Жастанамын, қайтейін.  
Қаймақ еді көнілімде,  
Бізге қаспақ болды жем.  
Екі сөз жоқ емірімде,  
Мен де сорлы бақыты кем, –

деген екі шумақты Абай жаңынан қосқан. Мұхтар Әуезов кезінде мұны аударманың тым қазақшалап жалпақтап кеткен кемшілігі деп санаған.

Кім біледі, бәлкім, төл әдебиетімізде аударма саласы Абай тағылымы арқылы жаңа-жаңа тамыр тарта бастаған кезде, Мұқан болашақта бұл маңызды істе түпнұсқадан жөнсіз ауытқушылық болмасын деген сақтық оймен де айтқан болар.

Бірақ Пушкин романының үзінділері арқылы қазақ әдебиеті алдынан көркем аударманың мол жемісті арнасын ашқан Абайдың ой-ниетін де дұрыс ұғынғанымыз жөн. Егер ұлы ұстаз осы хикаяны алғашқы ауыл тыңдаушысы мен кейінгі қалың қазақ оқырмандарының соншалықты жаңына жақын, құлағына жағымды етіп аудармаса, М.Әуезовтің өз сөзімен айтқанда, Татьяна әні қырда шалқып кете алар ма еді, Пушкин қазынасы қазақ халқының рухани әлеміне сол күннен бастап бірден кіріп кете кояр ма еді? Мұны да есте ұстағанымыз азбал.

Абай мен Пушкин арасындағы шығармашылық байланыс туралы айтқанда, Абайдың махаббат тақырыбына арналған төл туындыларын да еске алған жөн. Бұл екі арада өте тығыз байланыс бар. Біздің төл әдебиетімізге махаббат лирикасын алғаш рет енгізген – Абай. Оған дейін фольклорлық киссалар мен ауыз әдебиетіндегі лиро-эпостық дастандар болмаса, жеке

ақындардан қалған сүйіспеншілік тақырыпты шағын лирикалық өлеңдер атымен жоқ.

Ендеше осы мәңгілік жанрды Абай не мақсатпен енгізді? Қазіргі құлакқа тосаңдау естілсе де айтайық, данышпан ақын бұл тақырыпты қазақ жастарының, әсіресе, қазақ қыздарының жүрегінде махаббат сезімін ашу үшін, оны ояту үшін ашты. Шынтуайтына келгенде, қалыңмал тұсында қазақ әйелінің бойындағы табиғи махаббат сезімі ашылмай, жабық күйінде сөніп қалатын. Қалыңмал арқылы ең сәтті үйленді деген жастардың тұрмыстық өмір схемасы, шамамен, былай болып келер еді:

Ауылдағы қызы бала есі кіріп, бой жете бастаған кезінен былай қарай, сенің атастырып қойған күйеуін бар, құдай қоскан қосағың сол болады деген ұғым оның санасына құйылады да, ол соған алаңдап күтумен болады. Бір күні сол күйеуі ойда жокта ұрын келеді де, өзінің болашақ жұбайлышқы парызын атқарып, кетіп қалады. Артынан іле-шала ұзатылады. Бөтен елде, бейтаныс үтіге келін болып түседі. Келе салып, отымен кіріп, күлімен шығып дегендей, тынымсыз шаруаға араласады. Аюдай ақырған қайын ененің қарауында қалады, ана жолы шала танысқан жұбайы енді оған малға сатып алған меншік есебінде қарайды. Қөп ұзамай балалы болады. Шаруа одан сайын көбейеді. Осындай күйбен тіршілікте әйелдің жастық шагы өтес шыгады.

Қазақ қыздарын болашақта осындай мимырт тіршілікке душар етпес үшін Абай оларға ішкі жан жаразтығымен бірге, бәлкім, бұл жерде одан да маныздырағы, сыртқы сымбаттың сынын көбірек ыждағаттауды жөн көрді. «Қақтаған ақ күмістей кең мәндайлы», «Білектей арқасында өрген бұрым» сияқты өлеңдер өмірге осылай келген болатын.

Қарапайым ауыл жастарының жоғарыдағыдай томаға тұйық тағдыры тек әйелдерге ғана емес, еркектерге де тән болды. Бұл көңілсіз жағдайға алаң болған Абай жастардың сүйіспеншілік сезімі тақырыбына тұтас бір цикл өлең жазды. Қазір ойлап отырсақ, «Желсіз тұнде жарық айдан» бастап, «Айттым сәлем, Қаламқасқа» дейінгі осы сарындағы өлеңдерінде жастық шақтағы махаббат сезімінің жүйелі диалектикасы ашылған екен. Соны ой көзімен қыскаша шолып өтейікші:

«Желсіз тұнде жарық ай». Жазғы түннің әсем табиғаты аясында ауыл сыртында кездесуге алғашқы махаббат сезімінің жетегімен асыққан екі жас. Үй ішінен бір сөтке сыйылып шыққан қызы байғұс тұла бойы қалтырап абдыраған күйі зорға жетті. Бір ауыз сөз айта алмай дір-дір етеді. Сол үнсіздік күйде жігіт қасына женіл ғана жаңасып келіп, иығына сүйенгені – соған білдірген ишараты. Өзі де сол қызының күйінде шарасыз тұрған жігітке бұдан артық олжа жоқ еді.

Мазмұн жағынан осыған жалғас «Қызырып, сұрланып» деп басталатын өлең. Мұнда да дәл сол екі жас тағы да жұрттан оқшауланып оңаша жолығысқан. Әлі де үркек, бұйығы қалыптары. Бірақ бір-біріне бойлары үйреніп, ширай түскен. Бұл жолы үнсіз сүйісіп тарайды.

Осылай бейкүнә кібіртік басталған үйірсектік сезім өрістей келе шынайы таза махаббатқа ұласса, арасында уақытша айырылысқан кезде бірін-бірі үздіге аңсап сағынуға да хакылығой. «Көзімнің карасы» атты әйгілі өлеңде құлай сүйген жігіттің сағыныш зары айтылмай ма? Бірақ ескі ауылдың салтында оны өзгеге жария етудің өзі де теріс түсінілетін еді. Оның: «Жылайын, жырлайын, ағызып көз майын» деген сезін естігенде, алдымен қасындағы жолдасы мазақ қылып құледі. Сол сөз ата-анасының құлагына жетсе, «бір қыз үшін жылап жүрген» балалары үшін нағыстаңып ыза болар еді. Ал енді сол махаббат оты барған сайын лаулаған кезде: «Айттым сәлем, Қаламқас, саған құрбан мал мен бас» деген сөзді айтқызыса, үйде отырған әжесі: «сол қыз үшін бәрімізді құрбан етіп жүр екен ғой, жаман шірік неме!», – деп жерге түкіртіні сөзсіз.

Осындағы қызыр мінезге әдейі қысас қылғандай, ақын «Мен сәлем жазамын», «Кор болды жаным» сияқты өлеңдерін жазды. «Мен сәлем жазамын қарағым қалқама; қайғынан азамын, барушы айта ма?» Немесе: «Кор болды жаным, сенсіз де мениң күнім, бек бітті халім, тағдырдан келген зұлым...» Естен танағашық болған жігіттің мүшкілдігі осы өлең жолдарынан ап-айқын көрініп тұрған жоқ па?!

Абай өз заманындағы жастардың сүйіспеншілік сезімі жөнінде ересектер арасында осындағы жосықсыз көзқарастар орын

алғанын білгендіктен, соны жазғырғандықтан өзінің махаббат тақырыбындағы өлеңдерін жазған. Ол әсіресе қалыңмал тұсында жаншылып сөніп қалған әйел сезімін ояту үшін осы тақырыпты діттей жазғанға ұксайды.

Қаламқастың жігіт сөзіне қайтарған жауабындағы: «Біз – қыргауыл, сіз – түйғын, тояттай бер кел де алып» деген тармактарда жалаң құмарпаздық емес, шын ниетімен беріле сүйген ғашық жардың ағынан жарыла айтқан ағыл-тегіл сезімі бар. Күні ертең некелі зайып болатынына көміл сенген Қаламқас қызы махаббаттың тәтті дәмінен тартынбай, тәбетін ашық білдіреді: «Тал шыбықтай оралып, // Гүл шыбықтай бұралып, // Салмағындан жаншылып, // Қалсын құмар бір қанып» // деген сөздерде қазіргі бұзылған заманның эротикасы жоқ, таза махаббаттың отынан тұтанған адам табиғатының заңды тілегі бар.

Абайдың Пушкиннен аударған үзінділері жастарды қалыңмал құрсауынан босанып шығып, таза сезімнің романтикасына шақырап алдындағы шығармашылық шабыттың дайындығы секілді болып көрінеді бізге.

«Евгений Онегин» романының Абай аударған үзінділері жөнінде қорыта айтқанда, Онегин бейнесі туралы ерекше бір пікір білдіру қажет. Тегінде, Абай Онегинге Пушкиннен гөрі көбірек іш тартатын сияқты. Оны Онегиннің өлердегі сөзі деп өз жанынан жеке өлең арнағанынан байқаймыз. Онегиннің Пушкин айтқан теріс мінездерін жұқартқаны өз алдына, Абай оны Татьянаға қайтадан ғашық болғанда тым үздіктіріп жіберетіні бар. Сен енді жібімесен өлемін деген сөзді ол бірнеше рет қайталайды. Сондықтан оны Абай қайта оянған махаббаттың құрбаны еткісі бар.

Қысқасы, бұл үзінділер бас-аяғын қосқанда, сол кездегі қазактар қызығып оқитын, махаббат тақырыбына арналған шағын ғана лирикалық поэма болып шыққан.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Кенжебаев Б. Абай Құнанбайды / Кенжебаев Б. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы: Ғылым, 1973. – 61-90-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абыттанудың іргелі саласы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мырзахметов М. Мұхтар Өуезов және абыттану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 12-27-беттер; Абай институтының вебсайты
3. Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 224-237-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Магауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық. Онының том: Ой, толғамдар. – Алматы: «Қағанат-ФМО» баспасы, 2002. – 76-92-беттер.
5. Елеуекенов Ш. Абайдың эпистолярлық романы. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті: халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы: Unique Service, 2006. – 49-60 б., Абай институтының вебсайты.
6. Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 324-344-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 305-324-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан. Әдеби-сын зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1993. – 3-24-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырқатқан жайлар. Баспасөз бетінде жарияланған: Әшімбаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Әдеби сын. – Алматы, 2007. – 91-112-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ысмағұлов Ж. Абай аудармаларындағы Пушкин. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті. – 61-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 403-403-425-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Әбетов Ф. Абай шығармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатириалық типтері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА баспасы, 1954. – 143-161-беттер; Абай институтының вебсайты.

13. Нарымбетов Ә. «Сегіз аяқ» – Абай поэзиясы көркемдігінің шырқау шыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті: Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: М. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының баспа орталығы. – 2007. – 83-88-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Бельгер Г. Абай мен Гете. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 173-194-беттер; Абай институтының вебсайты.
15. Фабдулин Н. Абай сөзді бұлай саптамаса керек. Баспасөзде жарияланған // Егемен Қазақстан. – 1993. – 19 қазан; Абай институтының вебсайты.
16. Егеубаев А. Адамшының алды – ар, ақыл. Баспасөз бетінде жарияланған: Аскар Егеубаев. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 202-218 беттер; Абай институтының вебсайты.
17. Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №4; Абай институтының вебсайты.

## **МАЗМҰНЫ**

Кенжебаев Б. Абай Құнанбайұлы .....	3
Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы .....	22
Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі .....	37
Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі .....	51
Елеуkenов Ш. Абайдың эпистолярлық романы .....	68
Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі .....	79
Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі .....	101
Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан .....	121
Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырықатқан жайлар .....	140
Ысмагұлов Ж. Абай аудармаларында Пушкин .....	162
Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері .....	170
Әбетов Ф. Абай шыгармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатиравы .....	193
Нарымбетов Ә. «Серіз аяқ» – Абай поэзиясы коркемдігінің шырқау шыны .....	213
Бельгер Г. Абай мен Гете .....	217
Ғабдуллин Н. Абай сөзді булай саптамаса керек .....	240
Еғеубаев А. Адамшылық алды – ар, ақыл .....	249
Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі .....	267
Түсініктер .....	276

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
IV том  
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мұхадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№8879**

Басуга 22.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1509.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылды, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.